Қаржы нарығына шолу

2021 жылғы I тоқсан

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Қаржы нарығына шолуда нарық қатысушыларына өтімділіктің негізгі ағындары қозғалысының неғұрлым толығырақ мәліметін беру мақсатында қаржы нарығындағы негізгі үрдістер ашып көрсетіледі.

Құжатты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты департаменті дайындады. Құжат Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсында тоқсанына бір рет электрондық нұсқада жарияланады.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.

I. АҚША НАРЫҒЫ 6

А) Репо нарығы 6

Б) Своп нарығы 8

В) Ақша нарығында өтімділікті реттеу бойынша ҚРҰБ-ның тұрақты қолжетімділік және ашық нарық операциялары 9

II. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ 11

А) Айырбастау бағамын қалыптастырудың сыртқы факторлары 10

Б) Ішкі валюта нарығындағы жалпы ахуал 11

В) Биржалық валюта нарығындағы операциялар 12

Г) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар 13

Д) Жеткізілмейтін валюта форвардтарының нарығы 16

Е) Қолма-қол шетел валютасы нарығы 16

III. ҚОР НАРЫҒЫ 20

А) Мемлекеттік бағалы қағаздар 18

Б) Корпоративтік облигациялар нарығы 19

В) Акциялар нарығы 20

IV. ДЕПОЗИТТІК НАРЫҚ 24

А) Депозиттер көлемі және долларландыру 24

Б) ҚДКҚ шекті мөлшерлемелері 25

VI. КРЕДИТ НАРЫҒЫ 26

А) Жаңа кредиттер беру 26

Б) Нетто-кредиттеу және ЕДБ кредиттер портфелі 27

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА.

БОКСТАР

1-бокс. Жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу 16

КІРІСПЕ

Эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауы аясында әлемнің әртүрлі елдерінде, әсіресе Еуропа елдерінде (Германия, Франция, Норвегия, Нидерланды және т.б.) шектеу шараларын күшейту 2021 жылғы 1-тоқсанда әлемдік экономикалық белсенділіктің дамуына қатысты белгісіздіктің сақталуына ықпал етті. Бұл ретте, американдық және еуропалық реттеушілер бұрынғыша икемді ақша-кредит саясатына адалдығын растады. Нарық қатысушыларының экономиканың жедел қалпына келуі және АҚШ-тағы жоғары инфляция аясында оны ықтимал қатаңдатуға қатысты күтулері АҚШ қазынашылық облигациялары кірістілігінің өсуіне және олардың 2020 жылдың басынан бастап ең жоғары мәндерге жетуіне әкелді. АҚШ мемлекеттік облигациялары кірістілігінің артуына байланысты жаһандық инвесторлардың ЕМ елдерінің активтеріне қызығушылығы біршама төмендеді, бірақ дамушы нарықтардағы ахуалдың айтарлықтай нашарлауы байқалмады

Валюта нарығы. 2021 жылғы I тоқсанда сыртқы жағдайлар маусымдық факторлармен бірге ішкі валюта нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың серпінін анықтады. 2021 жылғы I тоқсанда жаппай вакцинацияның басталуына байланысты инвесторлардың әлемдік экономиканың қалпына келуін күтуінің жақсарғанына қарамастан, дамушы нарықтардың валюталары елдің қазынашылық облигациялары кірістілігінің өсуі, әлемнің көптеген өңірлеріндегі коронавирустың үшінші толқыны аясында АҚШ долларының жаһандық нығаюына байланысты қысымға ұшырады. Ресей рублі санкциялық тәуекелдер аясында 2,2%-ға (74,04-тен 75,65-ке дейін) әлсіреді.

2021 жылғы I тоқсанның қорытындысы бойынша сыртқы факторлардың ішкі оң факторлардан (салық кезеңі, бейрезиденттердің ҚР МБҚ-ға рекордтық ағыны, Ұлттық қордан трансферттер) басым болуы нәтижесінде теңге АҚШ долларына қатысты 2020 жылғы желтоқсанның соңындағы бір АҚШ доллары үшін 420,91 теңгеден 424,97 теңгеге дейін 1,0%-ға әлсіреді.

Ақша нарығы. 2021 жылғы I тоқсанда ақша нарығының мөлшерлемелері нысаналы дәліз ішінде қалыптасты. Репо нарығындағы сауда-саттық көлемі нарық қатысушыларының мөлшерлемелерді басымдықпен қалыптастыруы кезінде ұлғайып, ҚРҰБ-ның қатысу үлесі елеусіз болды.

Тоқсан ішінде ақша нарығындағы өтімділіктің құрылымдық профициті аздап (0,2%-ға) ұлғайып, 2021 жылғы I тоқсанның соңына қарай 4,9 трлн теңге болды. Ашық нарық операциялары шеңберінде 12 айлық ноттарды шығаруды алып тастау және 182 күн мерзімге ноттар шығару көлемін шектеу аясында тоқсан ішінде депозиттік аукциондардың өтімділікті алу көлемінің өсуі жалғасты. ҚРҰБ тұрақты қол жеткізу операцияларында 1 күндік депозиттер арқылы өтімділікті алу бойынша қысқа мерзімді мәмілелер басым болды. Бірақ өтімділіктің негізгі көлемі бұрынғысынша ҚРҰБ қысқа мерзімді ноттарымен алынды. Оларға сұраныстың өсуі аясында ноттар бойынша мөлшерлемелердің төмендеуі байқалды.

Қор нарығы. 2021 жылғы I тоқсанда МБҚ нарығында алдыңғы кезеңге қатысты сауда-саттық көлемінің төмендеуі байқалды (2020 жылғы ұқсас кезеңге қатысты өсті). МБҚ бойынша тәуекелсіз кірістілік қисығы тоқсан ішінде нарықтық мөлшерлемелер бойынша МБҚ сатып алуға нарықтың белсенді қатысуы аясында қалыпқа келді. МБҚ бойынша кірістіліктің төмендеуі аясында қысқа мерзімді кезеңде қисықтың төмендеуі байқалды.

Жергілікті атқарушы органдардың МБҚ және корпоративтік облигацияларды орналастыру көлемі өткен тоқсанмен салыстырғанда төмендеді. Корпоративтік орналастыру көлемі

бойынша негізгі көшбасшылар квазимемлекеттік сектор болып қала береді, олардың арасында орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығару үрдісі байқалды.

KASE индексі 2021 жылғы I тоқсанда мыс пен уран бағасының ұлғаюы аясында көбінесе KAZ Minerals және Қазатомөнеркәсіп ҰАК акцияларының өсуі есебінен өсті. Сонымен қатар 2020 жылғы қаржылық көрсеткіштер компаниялардың акцияларына оң әсер етті. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі жеке тұлғаларды белсенді тарту кезінде қайталама нарықта орын алған өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1,8 есеге артты.

Депозит нарығында. 2021 жылғы I тоқсанда теңгелік, сондай-ақ валюталық салымдардың өсуі есебінен депозиттік ұйымдардағы депозиттер көлемінің өсуі байқалды. Бұл ретте теңгелік салымдардың өсуі валюталық депозиттердің өсуінен озды.

Теңгедегі депозиттер көбінесе халықтың мерзімді салымдарының өсуіне байланысты өсті, валюталық салымдардың өсуі бизнестің аударылатын салымдары есебінен, сондай-ақ ұлттық валютаның әлсіреуі нәтижесінде валюталық салымдарды қайта бағалау есебінен қамтамасыз етілді.

Нәтижесінде депозиттердің доллардануы 2020 жылғы желтоқсандағы 37,3%-дан 2021 жылғы наурыздағы 36,9%-ға дейін аздап төмендеді.

Халықтың депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелер 2021 жылғы I тоқсанда ұзақ мерзімді жинақ салымдарын қоспағанда, халық депозиттерінің барлық түрлері бойынша бұрынғы деңгейде сақталды.

Кредиттік нарықта жаңа қарыздар беру, оның ішінде халыққа тұрғын үй сатып алуға, сондай-ақ іскерлік белсенділікті қалпына келтіру аясында және бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру жағдайында бизнеске кредиттер есебінен тұрақты ұлғаюда. Бұл ретте, бизнеске де, халыққа да кредиттік ресурстардың құны төмендеуде.

Бизнестің шетел валютасындағы қолданыстағы кредиттерінің, сондай-ақ зейнетақы жинақтары арқылы ипотекалық қарыздарды ішінара өтеу есебінен халықтың қолданыстағы кредиттерінің төмендеуі нәтижесінде кредиттік портфель (ЕДБ кредиттері бойынша берешектің қалдығы) өзінің өсуін баяулатты.

I. Ақша нарығы

Ақша нарығының мөлшерлемелері I тоқсанда нысаналы дәліз ішінде қалыптасты.

Репо нарығында сауда-саттық көлемі нарыққа қатысушылар мөлшерлемелерді басымдықпен қалыптастыру кезінде ұлғайды, ҚРҰБ-ның қатысу үлесі аздаған болды. Бір күндік репо нарығында өтімділікті тартуда брокерлік, инвестициялық секторға қатысушылардың үлесі өсуін жалғастырды, нарыққа жекелеген қатысушыларда өтімділіктің жиналуы байқалды. Репо арқылы өтімділікті орналастыруда банктер басым болды, өтімділікті шоғырландыру орташа болды. Жалпы, ҚРҰБ-ның тұрақты қолжетімділік операцияларында 1 күндік депозиттер арқылы өтімділікті алу бойынша қысқамерзімді мәмілелер басым болды.

Ашық нарық операциялары шеңберінде 12 айлық ноттарды шығаруды жою және бір аукцион шеңберінде 100 млрд теңге деңгейінде 182 күндік мерзімі бар ноттарды шығару көлемін шектеу аясында тоқсан ішінде депозиттік аукциондардың өтімділікті алу көлемі өсуін жалғастырды.

Алайда, бұрынғыдай өтімділіктің негізгі көлемі ҚРҰБ қысқамерзімді ноттарымен алынды. Ноттарға сұраныс өсуі аясында олар бойынша мөлшерлемелер төмендеуі байқалды.

Тоқсан ішінде ақша нарығында құрылымдық профицит аздап ұлғайып (0,2%-ға), 2021 жылғы I тоқсанның соңында 4,9 трлн теңге болды.

А) Репо нарығы

Ұлттық Банк 2021 жылғы I тоқсанда азық-түлік нарықтарында сақталған теңгерімсіздікпен, сыртқы сектордағы жоғары белгісіздікке байланысты экономикадағы бысымды проинфляциялық қысым аясында базалық мөлшерлеменің деңгейін 9% деңгейінде сақтау шешімін екі рет қабылдады.

Ақша нарығының мөлшерлемелері базалық мөлшерлеменің нысаналы пайыздық дәлізі ішінде қалыптасты. Салық төлемдері кезеңінде ақпанда 1 күндік репо мәмілелері бойынша мөлшерлемелердің жоғары шекке жақын тиісті өскені байқалды (1-график).

1-график. МБҚ-мен репо нарығындағы пайыздық мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚРҰБ

Tonia мөлшерлемесі мен базалық мөлшерлеме арасындағы айырма 2021 жылғы I тоқсанда орта есеппен алдыңғы тоқсанның деңгейінде сақталды (-0,3п.т.) (2-график).

2-график. Tonia мен базалық мөлшерлеме арасындағы айырма (Спрэд)



Дереккөзі: ҚРҰБ

**2020 жылғы 28 желтоқсаннан бастап Tonia біркүндік репо нарығында көлемдерден ең төмен және ең жоғары мәндердің 5%-ын алып тастап, 90%-дық орталық мәндер негізінде есептеледі.*

Қарастырылып отырған тоқсанда репо нарығындағы сауда-саттық көлемі 10,9%-ға артты. Тоқсан ішінде ашық позициялардың өсуі барлық уақыттық аралықта байқалды (3-график). Tonia есептеу әдісін өзгерту сауда-саттықтың

жалпы көлемі өсуіне ықпал етті. Егер 2020 жылғы тамыздан бастап репо көлемін есептеу кезінде орталық контрагентпен сауда-саттық қана есепке алынса, ал 2021 жылдың басынан бері көлемде гросс негіздегі (орталық контрагентсіз) сауда-саттықта та қамтылды. Бұл ретте тоқсан соңында 1 күндік реподан өтімділік 30 күндік репоға ауысуы байқалды.

3-график. Репо нарығындағы ашық позициялар



Дереккөзі: ҚРҰБ

Бір күндік репо нарығында өтімділікті тартуда брокерлік, инвестициялық сектор қатысушылары үлесінің өсу үрдісі жалғасты. Мәселен, өтімділікті тартуда банктердің үлесі 2020 жылғы IV тоқсандағы 37%-бен салыстырғанда 28%-ға дейін төмендеді. Өтімділікті орналастыруда банктер басым болды, олардың үлесі алдыңғы тоқсандағы 59%-дан 2021 жылғы I тоқсанда 63%-ға дейін өсті (4-график).

4-график. 1 күндік репо нарығының құрылымы



Дереккөзі: ҚРҰБ, KASE

Өтімділікті орналастыруда банктер бойынша бөлуде топ-10 ЕДБ үлесі 78%-ға дейін аздап төмендеді, тартуда 30%-дан 59%-ға дейін өсті (5-график).

5-график. Бір күндік репо нарығында өтімділікті ұсыну/алу



Дереккөзі: ҚРҰБ, KASE

Нарыққа қатысушылар көбінесе мөлшерлемелерді қалыптастырды, ҚРҰБ қатысу үлесі шамалы болды. ҚРҰБ негізінен өтімділікті орналастыруда негізгі сессияға қатысқан жоқ және оның үлесі салық төлемдері кезеңін және теңге өтімділігіне сұраныс тиісті артуын қоспағанда, 4% болды.

Бір күндік репо нарығында қаражатты **орналастыру** кезінде жекелеген қатысушыларда өтімділіктің шоғырлануы төмендеп, орташа шоғырлану аймағында болды. Өтімділіктің негізгі көлемі жекелеген қатысушыларда шоғарыланғанын көрсете отырып, **қаражат тарту** кезінде өтімділік шоғырлануының өсуі жалғасуда.

6-график. Бір күндік репо нарығында қатысушылардың шоғырлануы (Херфиндаль-Хиршман индексі)



Дереккөзі: ҚРҰБ

Нарықтағы шоғырлану дәрежесін бағалау үшін қолданылатын Херфиндаль — Хиршман индексі негізінде есептелді. Барлық қатысушылардың үлестері квадраттарының сомасы ретінде айқындалады. Аймақ неғұрлым бұлыңғыр болса, шоғырлану соғұрлым жоғары болады:

Жоғары шоғырланған нарықтар: 1800 < HHI < 10000

Орташа шоғырланған нарықтар: 1000 < HHI < 1800

Төмен шоғырланған нарықтар: HHI < 1000

Өтімділікті уақыт бойынша бөлу алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда бір күн ішінде барынша біркелкі болды (7-график).

7-график. Өтімділікті уақыт бойынша бөлу, лог. шкала



Дереккөзі: ҚРҰБ

Б) Своп нарығы

СВОП мәмілелері бойынша пайыздық мөлшерлемелер теңгелік өтімділікке жоғары сұраныс кезеңінде ұлғайып, төмен деңгейде болды (8-9-графиктер).

1 күндік своп нарығында орташа күндік айналым 55%-ға, 2 күндік своп бойынша 2,6 есе өскені байқалды.

8-график. Своп нарығы - 1 күн

Дереккөзі: ҚРҰБ

9-график. Своп нарығы - 2 күн



Дереккөзі: ҚРҰБ

В) ҚРҰБ-ның ақша нарығында өтімділікті реттеу бойынша тұрақты қолжетімділік және ашық нарық операциялары

Ашық нарық операциялары шеңберінде есепті тоқсанның ішінде депозиттік аукциондармен өтімділікті алып қою көлемдері өсуі жалғасты. Депозиттік аукциондармен өтімділікті алып қоюдың ең жоғары көлемі 2021 жылғы қаңтарда 1,8 трлн теңгеге жетті (ашық позиция). 12 айлық ноттар шығарылымын жою және бір аукцион шеңберінде 100 млрд теңге деңгейінде 182 күндік мерзімі бар ноттар шығарылымының көлемін шектеу осы үрдіске ықпал етті.
Ноттармен алып қою көлемі де ұлғайды, ол көбінесе 28-күндік ноттар есебінен орын алады. Мәселен, 28-күндік ноттардың үлесі I тоқсанның соңында 41% жетті (2020 жылғы желтоқсанның соңында – 30%).

10-график. Ноттар мен депозиттік аукциондар бойынша ашық позиция



Дереккөзі: ҚРҰБ

Депозиттік аукциондар мен 28 күндік ноттар бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлемеге жуық қалыптасты. Мерзімі бойынша барынша ұзақ ноттарға көлемдерді шектелген кезде жоғары сұраныс 2021 жылғы I тоқсанда мөлшерлемелер төмендеуіне әкелді (11-график).

11-график. Ноттар мен депозиттік аукциондар бойынша мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚРҰБ

Тұрақты қолжетімділік операциялары ретінде ҚРҰБ өтімділікті алу бойынша қысқамерзімді мәмілелер жүргізді: 1 күндік депозиттер, тікелей репо овернайт және валюталық своп мәмілелері; және өтімділікті ұсыну бойынша мәмілелер: кері репо және валюталық своп овернайт мәмілелері (12-график). Теңге өтімділігіне артық сұраныс кезеңдерінде өтімділікті ұсыну бойынша операциялар көлемі өскені байқалды.

12-график. ҚРҰБ тұрақты қолжетімділік операцияларының көлемі



Дереккөзі: ҚРҰБ

Тоқсан ішінде ақша нарығында өтімділіктің құрылымдық профициті 1,2%-ға шамалы ұлғайып, 2021 жылғы наурыздың соңына қарай 4,9 трлн теңге болды.

13-график. ҚРҰБ тұрақты қолжетімділік операцияларының көлемі



II. Валюта нарығы

2021 жылғы I тоқсанда инвесторлардың жаппай вакцинациялауды бастаудан әлем экономикасының қалпына келуі бойынша күтулері жақсаруына қарамастан, дамушы нарықтардың валюталары елдің қазынашылық облигацияларының кірістілігі өсуі, әлемнің көптеген өңірлерінде коронавирустың үшінші толқыны аясында АҚШ доллары жаһандық нығаюына қарай қысым көрді.

Ресей рублі санкциялық тәуекелдер аясында 2,2%-ға (74,04-тен 75,65-ке дейін) әлсіреді. Нәтижесінде ішкі позитивті факторлардан (салық кезеңі, бейрезиденттердің ҚР МБҚ рекордты келуі, Ұлттық қордан трансферттер) сыртқы факторлардың басым болуы нәтижесінде 2021 жылғы I тоқсанның қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты желтоқсанның соңында бір АҚШ доллары үшін 420,91-ден 424,97 теңгеге дейін 1,0%-ға әлсіреді.

А) Айырбастау бағамы қалыптасуының сыртқы факторлары

2021 жылғы қаңтар-ақпанда халқын вакцинациялауды бастаған елдердің саны өсуі сыртқы нарықтарда оптимизмді ұлғайтты, әлем экономикасы қалпына келуіне қатысты күтулерді жақсартты.

1,9 трлн АҚШ доллары мөлшерінде АҚШ экономикасына көмекті бекіту қор нарықтарының одан әрі өсуіне қосымша түрткі болды. ФРҚ монетарлық талаптарды жеңілдету саясатын ұстануды жалғастырды. Америка экономикасы қалпына келуі инвесторлар арасында инфляциялық күтулер өсуіне әкелді, бұл АҚШ-тың 10 жылдық қазынашылық облигацияларының кірістілігі 12 айда ең жоғары мән - 1,74%-ға дейін өсуіне, АҚШ доллары нығаюына (АҚШ долларының индексі 93,23 тармаққа дейін өсті) әкелді. Бұл дамушы елдердің көптеген валюталарына қысым көрсетті.

Дамушы нарықтар валюталарының (MSCI) индексі наурызда 1700 тармаққа дейін төмендеп, 0,9%-ды жоғалтты (14-график).

14-график. АҚШ МБҚ кірістілігі (%), EM валюта және АҚШ долларының индексі (31.12.2019 ж. = 100)



Дереккөзі: Refinitiv

Қорғаныс активі ретінде алтынның құны 2021 жылғы 1-тоқсанда вакцинация және экономикалық белсенділіктің қалпына келуі, сондай-ақ АҚШ облигациялары кірістілігінің өсуі жағдайында төмендеу үрдісін көрсетті. Қаңтар-наурызда бағалы металдың бағасын белгілеу жекелеген кезеңдерде 1700 АҚШ долларынан төмен түсіп бір унция үшін 1893 АҚШ долларынан 1714 АҚШ долларына дейін 9,5%-ға төмендеді. (15-график).

15-график. Алтын және акциялар индексі (31.12.2019г. = 100)



Дереккөзі: Refinitiv

MSCI World акцияларының индексі қаңтарда 1,1%-ға төмендеді, бірақ дамыған елдердің үкіметтері тарапынан айтарлықтай ынталандыру шаралары аясында ақпан-наурыз айларында бірден 5,6%-ды қоса алды.

ОПЕК+ мүшелерінің ақпан-наурыз айларында мұнай өндіруді азайту туралы

компромистік шешімге қол жеткізуі және ауа-райының қолайсыздығына байланысты АҚШ-тағы шикізат өндірісіндегі күтпеген өзгерістер 2021 жылғы ақпанның соңында мұнай бағасының бір баррель үшін 66,13 АҚШ долларына (өсу 27,7%) жетуіне мүмкіндік берді.

2021 жылғы наурызда мұнай өндірудің келісілген шектеулеріне қарамастан, көмірсутегіне сұраныстың қалпына келу қарқыны Еуропа елдерінде қатаң карантиндік шектеулер енгізу, әлемде вакцинацияның біркелкі емес және баяу қарқынымен қатар АҚШ-тағы мұнай қорының өсуі аясында нарыққа қатысушылардың алаңдаушылығын тудырды.

Жоғарыда көрсетілген талаптар мұнай бағасын белгілеулердің құбылмалылығына және нарыққа өзгерістер алып келді. Наурызда Brent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін 63,54 АҚШ долларына дейін 3,9%-ға төмендеді (16-график).

16-график. Brent маркалы мұнай бағасын белгілеу серпіні (31.03.2020г. = 100)



Дереккөзі: Refinitiv

Б) Ішкі валюта нарығындағы жалпы жағдай

Теңгенің айырбастау бағамы 2021 жылғы I тоқсанда дамушы нарықтардағы валюталар үшін ортақ бағыттарға ғана емес, сонымен қатар ішкі экономикалық ерекшеліктерді де көрсетті.

Валюта нарығының ішкі тааптарының ішінде биылғы жылғы ақпанда жергілікті компаниялардың салық төлемдері кезеңінен өтуіне байланысты биржалық нарықта шетел валютасын ұсынудың ұлғаюын атап өтуге болады.

Сонымен қатар, Биылғы жылғы қаңтар-ақпанда ҚР МБҚ нарығына шетел капиталының ағыны байқалды, осылайша валюта ұсынысы артты. Ақпанның соңында шетелдік инвесторлардың ҚР МБҚ көлемі 782 млрд теңгеге жетті (шамамен 1,9 млрд АҚШ доллары).

Республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттерді қамтамасыз ету үшін шетел валютасын сату, сондай-ақ экспорттық валюталық түсімді сату валюта нарығына айтарлықтай ықпал етуді жалғастырды.

Алайда, 2021 жылғы I тоқсанның қорытындысы бойынша сыртқы факторлардың басым болуы нәтижесінде теңге АҚШ долларына қатысты бір АҚШ доллары үшін желтоқсанның соңындағы 420,91-ден 424,97 теңгеге дейін 1,0%-ға әлсіреді (17-график).

17-график. Теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамының серпіні



Дереккөзі: КФБ

2021 жылғы I тоқсанда биржалық валюта сауда-саттығына қатысушылардың белсенділігі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 7,1 млрд АҚШ долларын құрады, бұл жыл ішіндегі ұқсас көрсеткіштен 1,3%-ға төмен (7,2 млрд АҚШ доллары) және 2020 жылғы I тоқсандағы спот операцияларының көлемінен 12%-ға төмен (7,9 млрд АҚШ доллары).

18-график. Биржалық және банкаралық Валюта нарықтарындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: НБРК

Банкаралық валюта нарығында валюталық операциялардың жиынтық көлемінің 25,4 млрд АҚШ долларына дейін 7,1%-ға төмендегені байқалды (18-график).

В) Биржалық валюта нарығындағы операциялар

Іргелі сыртқы факторлардың құбылмалылығы аясында теңгенің серпіні 2021 жылғы I тоқсан ішінде қалыпты құбылмалылыққа ұшырады, жекелеген кезеңдерде валюталық операциялар көлемінің күрт ұлғаюы үшін алғышарттар жасады.

2021 жылғы қаңтар-наурызда USD/KZT жұбының ашылу бағасы көбінесе жабылу бағасынан төмен болды (қызыл шырақтар), бұл теңгенің әлсіреуінің басым үрдісін көрсетті. Сонымен қатар, ашылу және жабылу бағасының алшақтығы (шырақтар ұзындығы) аз болды (18-график).

19-график. Валюта биржасындағы теңгенің АҚШ долларына айырбастау бағамының құбылмалылығы, %



Дереккөзі: Refinitiv

Жалпы, теңге бағамының өзгеру амплитудасы 2021 жылғы қаңтар-наурызда өткен тоқсанмен салыстырғанда өте төмен болды (19-график).

Күнделікті сауданың орташа көлемі өткен тоқсанның деңгейінен жоғары болып, 122,7 млн АҚШ долларын (2020 жылғы IV тоқсанда – 114,7 млн АҚШ доллары) құрады. 2021 жылғы қаңтар-наурызда сауда-саттықтың ең жоғары тәуліктік (2021 ж. 25 наурыз) көлемі 211,1 млн АҚШ долларын құрады.

20-график. Биржалық және банкаралық валюта нарықтарындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: Refinitiv, НБРК

2021 жылғы I тоқсанда биржалық валюта нарығындағы мәмілелердің жалпы көлемі 14,6 млрд АҚШ долларын құрады, бұл өткен тоқсанның деңгейінен 32,6%-ға жоғары (2020 жылғы IV тоқсанда-11,0 млрд АҚШ доллары). 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда (18,6 млрд АҚШ доллары) биржадағы валюталық операциялардың көлемі валюталық своптар бойынша операциялардың қысқаруы есебінен 21,2%-ға қысқарды.

2021 жылғы қаңтар-наурызда валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда (2020 жылғы IV тоқсанда – 3,8 млрд АҚШ доллары) 7,6 млрд АҚШ долларына дейін 2 есе ұлғайды, бірақ 2020 жылғы I тоқсанға қарағанда (10,6 млрд АҚШ доллары) 28,3%-ға қысқарды. Жалпы алғанда, биржалық нарықта своп операцияларының көлемі 2020 жылғы

2-тоқсаннан бастап алғаш рет спот мәмілелерінің көлемінен асты (8,9%-ға) (21-график).

21-график. Мәмілелер түрі бойынша валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: КФБ, НБРК

Своп нарығында дәстүрлі түрде 1 күндік, 2 күндік, апталық және 1 айлық валюталық своптар бойынша операциялар жүргізілді. 1 күндік валюталық своптар бойынша мәмілелер көлемі алдыңғы тоқсанға қарағанда 1,6 есе артып, 4,3 млрд АҚШ долларын (2020 жылғы IV тоқсанда – 2,8 млрд АҚШ) құрады. 2 күндік валюталық своптар бойынша операциялар көлемі 3,0 млрд АҚШ долларына дейін 3,3 есеге (2020 жылғы IV тоқсанда – 0,9 млрд АҚШ доллары) айтарлықтай ұлғайды.

Апталық валюталық своптар бойынша операциялар тек 2021 жылғы қаңтарда ғана жүргізілді және 30 млн АҚШ долларын, 1 айлық своптар бойынша мәмілелер көлемі 285 млн АҚШ доллары құрады. Осылайша, жасалған своп операцияларының жалпы көлемінде 1 апта және одан жоғары мерзіммен своп операцияларының үлесі төмен болып, шамамен 4,1%-ды немесе 315 млн АҚШ долларын құрады. Бұл ретте алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 2,6 есе (2020 жылғы IV тоқсанда – 120 млн АҚШ доллары), 2020 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда – 150 млн АҚШ долларынан 2,1 есеге ұлғайған (22-график).

22-график. Биржалық валюталық своптар бойынша мәмілелер



Дереккөзі: КФБ

Г) Биржадан тыс валюта нарығындағы операциялар

Банкаралық валюта нарығы

Банкаралық валюта нарығындағы мәмілелердің типтері бөлінісінде спот, валюталық своп және форвард бойынша операциялар өтеді.

2021 жылғы I тоқсанда биржадан тыс валюта нарығындағы мәмілелердің жалпы көлемі алдыңғы тоқсанға қарағанда (2020 жылғы IV тоқсанда – 42,6 млрд АҚШ доллары) 37,2%-ға ұлғайды және 58,5 млрд АҚШ доллары баламасын құрады.

Операциялар бөлінісінде спот мәмілелерінің көлемі 7,1%-ға қысқарды, ал своп мәмілелерінің көлемі, керісінше, 2,2 есеге ұлғайды. Биржадан тыс мәмілелердің жалпы көлеміндегі форвардтық мәмілелердің үлесі елеусіз қалды және 2021 жылғы I тоқсанда мәмілелердің жиынтық көлемі 987,2 млн АҚШ долларын құрады (23-график).

23-график. Мәмілелер түрі бойынша банкаралық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ЦДЦБ

Банкаралық спот операцияларының биржалық спот операцияларынан асатын айтарлықтай көлеміне қарамастан, бұл мәмілелердің басым саны мен көлемі валюталық спотқа, яғни шетел валютасын сатып алу және сату жөніндегі мәмілелерге жатпайды. Банкаралық нарық статистикасында валюталық тәуекелдерді хеджирлеу жөніндегі операциялар да көрсетіледі. Осылайша, 2021 жылғы қаңтар-наурызда бір еншілес банктің валюталық тәуекелдерден меншікті капиталды хеджирлеу бойынша операцияларының көлемі 18,7 млрд АҚШ долларын, немесе биржадан тыс сауда-саттықтың жалпы көлемінің 73,6%-ын (2020 жылғы IV тоқсанда-75,0%) құрады. Бұл операциялар банк тобының ішінде жүргізілді және ішкі валюта нарығындағы шетел валютасына сұраныс немесе ұсыныс көлеміне әсер етті, демек, теңгенің айырбастау бағамын қалыптастыруға әсер еткен жоқ (23-график). Валюталық тәуекелдерді хеджирлеу бойынша мәмілелерсіз банкаралық нарықтағы сауда-саттық спотының көлемі әлдеқайда аз және жекелеген сауда күндерінде биржалық валюта нарығындағы сауда-саттық спотының көлемімен салыстыруға болады. 2021 жылғы I тоқсанда меншікті капиталды хеджирлеу бойынша мәмілелерді қоспағанда, банкаралық валюта нарығындағы сауда-саттық көлемі алдыңғы тоқсанға қарағанда 2,1%-ға төмендеді (2020 жылғы IV тоқсанда – 6,9 млрд АҚШ доллары) және 6,7 млрд АҚШ долларын құрады..

24-график. Банкаралық валюта нарығындағы NZD/USD валюта жұбымен сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: НБРК

Биржадан тыс валюта нарығындағы своп мәмілелері

2021 жылғы I тоқсанда валюталық своп бойынша операциялар көлемі алдыңғы тоқсанға қарағанда (2020 жылғы IV тоқсанда – 14,7 млрд АҚШ доллары) 2,2 есе өсті және 32,0 млрд АҚШ долларын құрады. Своп нарығындағы операциялардың ең жоғарғы көлемін АҚШ доллары/теңге жұбымен мәмілелер– 70,9%) болды(2020 жылғы IV тоқсанда – 55,9%. Бұл ретте АҚШ доллары бойынша валюталық своптардың басқа валюталармен үлесі, керісінше, своп нарығындағы операциялардың жалпы көлемінен 27,2%-ға дейін (8,7 млрд АҚШ доллары) қысқарды (2020 жылғы IV тоқсанда – 39,6%) (24-график). Жалпы алғанда, своп операциясы көлемінің осындай біршама ұлғаюы экономикалық белсенділіктің қайта жандануынан, оның ішінде шетелдік қарсы әріптестермен келісімшарттардың орындалуынан, импортталатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуден туындауы мүмкін.

25-график. Валюталар бөлінісіндегі биржадан тыс своп нарығындағы операциялар



Дереккөзі: ЦДЦБ

Биржадан тыс валюта нарығындағы форвардтық мәмілелер

2021 жылғы I тоқсанда форвардтық мәмілелер көлемі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 1,9 есе ұлғайды және 987,2 млн АҚШ долларын (2020 жылғы IV тоқсанда – 522,7 млн АҚШ доллары) құрады.

Форвард нарығындағы операциялардың негізгі көлемін АҚШ доллары/теңге жұбының мәмілелері алды – 784,9 млн АҚШ долларын немесе форвард операцияларының жалпы көлемінің 79,5%-ын құрады (2020 жылғы IV тоқсанда – 362,4 млн АҚШ доллары немесе 69,4%).

Теңгені сатып алумен/сатумен байланысты емес форвардтық мәмілелері басқа валюталармен мәмілелерге жатады және олардың үлесі Форвардтық нарықтағы операциялардың жалпы көлемінен 13,4%-ды (133 млн АҚШ долларын) (2020 жылғы IV тоқсанда-26,2%) құрады. (26-график).

26-график. Валюталар бөлінісіндегі форвард нарығындағы операциялар



Дереккөзі: ЦДЦБ

Д) Жеткізілімсіз валюталық форвардтар нарығы

Refinitiv деректеріне сәйкес, жеткізілімсіз валюталық форвардтардың (NDF) 2021 жылғы қаңтар-наурызда доллар-теңге жұбы бойынша бағамдары теңгенің биржалық бағамымен жоғары емес алшақтықты көрсетіп, девальвациялық күтулердің салыстырмалы тұрақтылығын көрсетті. Бұдан басқа, 2021 жылғы ақпанның жекелеген күндерінде сыртқы нарықтардағы тәуекел-сегменттің жақсаруы және мұнай баға белгілеулерінің өсуі аясында жеткізілімсіз жылдық форвардтардың бағасы спот мәнінен 0,85-2,0%-ға төмен болды, өйткені инвесторлар теңгенің айырбастау бағамының нығаюын күтті.

2021 жылғы I тоқсанда орташа алғанда айырбастау бағамы бойынша күтулер 12 айлық валюталық форвардтар бойынша биржалық айырбастау бағамы деңгейінен 6,2%-ға (2020 жылғы IV тоқсанда – 7,1%), 3 айлық валюталық форвардтар бойынша-жылдық мәнде 5,9%-ға (2020 жылғы IV тоқсанда – 9,1%) (27-кесте) жоғары қалыптасты.

27-график. NDF спредтері, жылдық %-бен.



қазан, қараша желтоқсан қаңтар ақпан наурыз
Дереккөзі: КФБ, Refinitiv, ҚРҰБ есебі

Е) Қолма-қол шетел валютасының нарығы

2021 жылғы I-тоқсанда халық алдыңғы тоқсанға қарағанда 36,7%-ға (2020 жылғы IV тоқсанда – 830,4 млрд теңге) қысқарып, 525,9 млрд теңгеге баламалы сомаға қолма-қол шетел валютасын сатып алды.

2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда бұл шығыстар 536,9 млрд теңгеден 2%-ға төмендеді, бұл карантиндік шаралардың әлсіреуіне және елдегі экономикалық белсенділіктің қалпына келуіне қарамастан, халық тарапынан шетел валютасына сұраныстың төмендегенін көрсетеді.

28-график. Халықтың шетел валютасын сатып алуы / сатуы



Дереккөзі: НБРК

Алып қараған кезеңде шығыстардың негізгі көлемі АҚШ долларын сатып алуға бағытталды – 57,4% (2020 жылғы IV

тоқсанда – 70,3%). Ресей рублінің үлесі 29,5% (2020 жылғы IV тоқсанда – 20,7%) және Еуро – 13% (2020 жылғы IV тоқсанда – 8,9%) (28-график).

1-бокс

Жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу

2021 жылғы I тоқсан ішінде дамушы елдер валюталарының [1] АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:

Үнді рупийінің айырбастау бағамы (-0,1%, 73,07-ден 73,11-ге дейін) бір тоқсанда өзгерген жоқ. Қаралып отырған кезеңнің көп бөлігі ішінде айырбастау бағамы оның рецессиядан шығуы (2020 жылғы IV тоқсанда+0,4% ж/ж) және жергілікті нарыққа бейрезиденттердің келуі туралы деректер аясында елдің экономикалық қалпына келуінің жалғасуы күтілуінен оң динамиканы көрсетті. Алайда, наурыздың аяғына қарай Үнді рупиясы импорттаушылардың ішкі сұранысының, сондай-ақ Covid-19 ауруының өсуінің ықпалынан әлсіреп, жыл басындағы деңгейге оралды.

Оңтүстік Африка ранды АҚШ қазынашылық кірістілігінің күрт өсуі теріс әсерінен 0,6%- ға әлсіреді (14,69-дан 14,78-ге дейін). Бұл ретте ОАР ұлттық валютасының неғұрлым күшті құнсыздануын: шикізат тауарларына бағалардың қалпына келуі аясында ағымдағы шоттың профициті (2020 жылғы IV тоқсанда 3,7%), 2021 жылы ел бюджеті тапшылығы болжамының азаюы (14%-ға дейін), инфляцияның төмен деңгейіне қарамастан мөлшерленген монетарлық саясат (ОАР Орталық банкі базалық мөлшерлемені 3,5% деңгейінде өзгертпей сақтап қалды) сияқты ішкі факторлар тежеді.

Ресей рублі санкциялық тәуекелдер мен ЕМ нарығындағы жалпы теріс сентимент аясында 2,2%-ға (74,04-тен 75,65-ке дейін) әлсіреді. АҚШ президенті РФ атына қатты сөз айтып, 2020 жылы сайлауға араласқаны үшін айыптады. РФ Орталық банкі инфляцияның жеделдеу қаупіне байланысты наурыз айында негізгі мөлшерлемені көтеруге кірісіп, оны 4,5%-ға дейін көтерді (+25 б.п.).

АҚШ доллары бағамының жаһандық нығаюы 2021 жылғы I-тоқсанда **мексикалық песоның** 2,6%-ға (19,91-ден 20,43-ке дейін) әлсіреуіне әсер етті. Президент ұсынған электр энергетикасы саласындағы заң жобасы айырбастау бағамына қосымша теріс әсер етті, оған сәйкес осы салада жеке және шетелдік тұлғалардың қатысуын шектеу жоспарлануда. РФ Орталық банкінің наурыз айында инфляциялық тәуекелдерге байланысты мөлшерлемені 4% деңгейінде сақтау туралы шешімі ұлттық валютаны біршама қолдады.

Индонезия рупиясы АҚШ МБҚ кірістілігінің өсуіне байланысты борыштық нарықтан капиталдың әкетілуі аясында 3,4%-ға (14 050-ден 14 525-ке дейін) әлсіреді. Мөлшерлеме 25 б.п. 3,5%-ға дейін төмендегеннен кейін Индонезияның Орталық банкі базалық мөлшерлеме деңгейін сақтау туралы екі рет шешім қабылдады. Қаржы нарықтарының құбылмалылығы аясында Индонезияның Орталық банкі спот, форвард және борыш нарығында интервенциялар жүргізді.

Экономиканың қалпына келу белгілеріне (2021 жылғы қаңтардағы экономикалық белсенділіктің өсуі, +1,04% а/а) және мөлшерлеменің 2,75%-ға (+75 б.п.) дейін елеулі өсуіне қарамастан, **Бразилия реалы** валюта нарығында АҚШ долларының жаһандық үстемдігі аясында 8,5%-ға (5,19-дан 5,63-ке дейін) әлсіреді. Инвесторлардың жергілікті активтерге деген қызығушылығының төмендеуі: Президенттің мұнай-газ мемлекеттік компаниясы басшысын жұмыстан босатуы, фискалдық шығыстарды ұлғайту және фискалдық тапшылықты тұрақсыз деңгейге дейін тереңдету жөніндегі бастамалар сияқты ішкі саяси оқиғаларға байланысты болды.

Алып қаралған тоқсанда **Түрік лирасының** 10,9%-ға (7,44-тен 8,25-ке дейін) құнсыздануы құбылмалылық күтулерінен және ақша-кредит саясаты бағытының өзгеруіне, Түркия Орталық банкінің Төрағасы ауысқаннан кейін Орталық банк тәуелсіздігінің төмендеуіне байланысты қауіптен туындаған жергілікті активтерден капиталдың әкетілуі аясында болды.



[1] *АҚШ долларына қатысты көлемдер тұрғысынан неғұрлым саудаланатын дамушы елдердің валюталары*

III. Қор нарығы

2021 жылғы I тоқсанда МБҚ нарығында алдыңғы кезеңге қатысты сауда-саттық көлемінің төмендеуі байқалды (өткен жылдың ұқсас кезеңіне қатысты өсу). Жергілікті атқарушы органдардың МБҚ орналастыру көлемінің, сондай-ақ корпоративтік облигацияларының өткен тоқсанмен салыстырғанда төмендеуі жалғасты.

Квазимемлекеттік сектор корпоративтік облигациялық орналастыру көлемі бойынша негізгі көшбасшы болып қалуда. Эмитенттер арасында орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығару үрдісі байқалды.

МБҚ бойынша тәуекелсіз кірістілік қисығы тоқсан ішінде нарықтық мөлшерлемелер бойынша МБҚ сатып алуға нарықтың белсенді қатысуы аясында қалыпқа келтірілді. Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кірістіліктің төмендеуі аясында қысқа мерзімді сегментте қисықтың төмендеуі байқалды.

2021 жылғы I тоқсанда KASE индексі мыс пен уран бағасының өсуі аясында негізінен KAZ Minerals пен Қазатомөнеркәсіп ҰАК акцияларының өсуі есебінен өсті. Сондай-ақ, 2020 жылғы қаржылық көрсеткіштер компанияның акциялары мен индексіне оң әсер етті. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1,8 есеге артты, бұл жеке тұлғаларды белсенді тарту кезінде қайталама нарықта орын алды.

А) Мемлекеттік бағалы қағаздар

МБҚ нарығындағы мәмілелер көлемі 2021 жылғы I-тоқсанда алдыңғы тоқсанға қарағанда 8,5%-ға төмендеді және өткен жылға қарағанда 11,2%-ға 924,7 млрд теңгеге дейін өсті. Мәмілелер саны 536 (қайталама нарықта – 244), бір мәміленің орташа көлемі – 1,7 млрд теңгені (қайталама нарықта бір мәміленің орташа көлемі – 817,6 млн теңге) құрады.

29-график. МБҚ сауда-саттық көлемі, млрд теңге

Дереккөзі: ҚҚБ

Бастапқы нарықта сауда-саттық көлемі 725,2 млрд теңгені құрады, бұл өткен тоқсаннан 15,5%-ға төмен және өткен жылдың ұқсас кезеңінен 35,9%-ға жоғары. Оның ішінде 702,2 млрд теңгені ҚР Қаржы министрлігі жылдық 8,99–10,40%-бен тартты.

Жергілікті атқарушы органдардың МБҚ орналастыру көлемі 23,0 млрд теңгені құрады. Атап айтқанда, биылғы жылдың наурыз айында Түркістан облысының әкімдігі «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру үшін жылдық 6,07%-бен 20,2 млрд теңге және Шымкент қаласының әкімдігі бюджет тапшылығын қаржыландыру мақсатында жылдық 10,80%-бен - 2,8 млрд теңге тартты.

30-график. МБҚ орналастыру



Дереккөзі: KASE

Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 199,5 млрд теңгені құрады, бұл алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 30,5%-ға

жоғары және 2020 жылғы I-тоқсанмен салыстырғанда 33,0%-ға төмен.

31-график. Кірістілік қисығы



Дереккөзі: ҚҚБ

Тоқсан ішіндегі кірістілік қисығы нарықтық мөлшерлемелер бойынша МБҚ сатып алуға нарықтың белсенді қатысуы аясында қалыпқа келуді көрсетті. Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша кірістіліктің төмендеуі аясында қысқа мерзімді сегментте қисықтың төмендеуі байқалды.

Б) Корпоративтік облигациялар нарығы

Корпоративтік облигациялар нарығындағы сауда көлемі 2021 жылғы I-тоқсанда 574,8 млрд. теңгені құрады, бұл өткен тоқсанмен салыстырғанда 2,4 есе төмен және өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,0 есе жоғары. Орналастыру көлемі бойынша квазимемлекеттік сектор көшбасшы болып қала береді. Эмитенттер арасында орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді шығару үрдісі байқалды.

32-график. Корпоративтік облигациялар нарығындағы мәмілелер көлемі, млрд теңге



Дереккөзі: ҚҚБ

33-график. Эмитенттердің жылдық кірістілігі



Дереккөзі: ҚҚБ, «R-Finance» МҚҰ (20%), Capital Leasing Group (18%) есепке алмағанда

Тартудың негізгі үлесі «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ-қа (49,8% немесе 164 млрд теңге), «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-қа (15,2% немесе 50 млрд теңге), «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-қа (15,2% немесе 50 млрд теңге), «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» ИҰ» АҚ-қа (9,1% немесе 30 млрд теңге) (34-кесте) тиесілі болды.(34-график).

34-график. Бастапқы нарықта орналастыру үлесі



2021 жылғы I тоқсанда, оның ішінде «KEGOC» АҚ, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ, «Қазақстан тұрғын үй компаниясы» ИҰ» АҚ тарапынан неғұрлым ұзақ міндеттемелерді шығару үрдісі байқалды.

Ең ұзақ корпоративтік облигацияларды квазимемлекеттік сектор компаниялары

мен институционалдық инвесторлар шығарды.

35-график. Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында орналастырудың уақыт шегі



Дереккөзі: ҚҚБ

В) Акциялар нарығы

2021 жылғы бірінші тоқсанда KASE индексі кезекті тарихи ең жоғары көрсеткішін жаңарта отырып, 16,3%-ға өсті. Осы кезеңде өкілдік тізімдегі 8 компанияның 6-ының өскені көрінді. Қазатомөнеркәсіп, KAZ Minerals және Халық банкі индекстің басты драйверлері болды, олардың акциялары тиісінше 48,3%-ға, 41,1%-ға және 21,2%-ға өсті.

36-график. KASE индексі



Дереккөзі: ҚҚБ, Thomson Reuters

KAZ Minerals акциясының өсуіне пандемияға байланысты жеткізілім тапшылығы аясында мыс фьючерстерінің сегіз жылдық деңгейге дейін өсуі ықпал етті. Халық банкінің қаржылық жағдайының жақсаруы компания акцияларының құнына оң әсерін тиізді. Канададағы ең ірі Cigar Lake уран кеніштерінің бірінде жұмыстың тоқтатыла тұруына байланысты уранды әлемдік ұсынудың төмендеуін күте отырып, уран бағасының өсуі Қазатомөнеркәсіп ҰАК акциясының өсуіне ықпал етті, ол қызметінің және шоғырландырылған қаржылық есептілігінің оң нәтижесін көрсетті.

37-график. KASE индексі мен құрауыштары



Дереккөзі: ҚҚБ, Thomson Reuters

2021 жылғы наурызда банк секторының акциялары да өскенін көрсетті: ЦКБ мен Халық банкінің акциялары тиісінше 10,1%-ға және 8,9%-ға өсті.

ҚазТрансОйлдың 2020 жылғы қаржылық көрсеткіштері компания акцияларының 9,1%-ға өсуіне ықпал етті.

Акция нарығындағы сауда-саттық көлемі 46,4 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылғы IV тоқсанмен салыстырғанда 44,1%-ға төмен, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 1,8 есеге артық.

38-график. Акциялар нарығындағы сауда-саттық көлемі (млрд теңге)



Дереккөзі: ҚҚБ

39-график. Акциялардың қайталама нарығында инвесторлардың негізгі топтары бойынша 2021 жылғы I тоқсандағы сауда-саттық көлемі

Дереккөзі: ҚҚБ

Акциялардың қайталама нарығында жеке тұлғалар ең белсенді болды, олардың үлесі жалпы көлемнен 48,3% болды. Брокерлер-дилерлердің үлесі 14,6%, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі –5%, өзге заңды тұлғалардың үлесі - 32,1% болды. Бейрезиденттердің қатысуы 3%-ды құрады.

IV. Депозит нарығы

2021 жылғы I тоқсанда теңгедегі салымдардың, сол сияқты валюталық салымдардың өсуі есебінен депозиттік ұйымдардағы депозиттер көлемінің өсуі байқалды. Бұл ретте теңгедегі салымдардың өсуі валюталық депозиттердің өсуінен басым болды.

Теңгедегі депозиттер көбінесе халықтың мерзімді салымдарының өсуі арқылы өсті, валюталық салымдардың өсуі бизнестің аударылатын салымдары есебінен, сондай-ақ ұлттық валютаның әлсіреуі нәтижесінде валюталық салымдарды қайта бағалау есебінен қамтамасыз етілді.

Нәтижесінде депозиттерді долларландыру 2020 жылғы желтоқсандағы 37,3%-дан 2021 жылғы наурызда 36,9%-ға дейін төмендеді

Халықтың депозиттері бойынша шекті мөлшерлемелер 2021 жылғы I тоқсанда ұзақ мерзімді жинақ салымдарды қоспағанда, халық депозиттерінің барлық түрлері бойынша сақталып қалды.

А) Депозиттер көлемі және долларландыру

Банк жүйесінің депозиттік портфелі 2021 жылғы I тоқсанда 23,4 трлн теңгеге дейін 5,8%-ға ұлғайды. Жылдық көрсеткіш бойынша өсім 15,3% болды (40-график).

40-график. Депозиттер көлемінің өсуіне құрамдас бөліктерінің үлесі, ж/ж



2021 жылғы I тоқсанда депозиттердің өсуі теңгедегі салымдардың және сол сияқты валюталық салымдардың өсуі есебінен қалыптасты. Теңгедегі салымдар 6,5%-ға (немесе 896,1 млрд теңгеге) өсті. Ұлттық валютадағы депозиттердің өсуіне негізгі үлесті (шамамен 79%) халықтың 2021 жылғы I тоқсанда 10,6%-ға (704,6 млрд теңгеге) ұлғайған салымдары қосты. Жеке тұлғалар салымдарының құрылымында мерзімді салымдар басым түрде өсті, олардың үлесі халықтың теңгедегі салымдарының жалпы өсімінде 71,6%-ды құрады. Бұл ретте, бизнес салымдарын қамтитын теңгедегі салымдардың жалпы өсімінде теңгедегі мерзімді депозиттердің үлесі 56,3%-ға дейін өсті, бұл халық пен бизнестің мерзімді теңгедегі құралдарға сенім білдіруінің артқанын көрсетеді.

Жалпы, 2021 жылғы бірінші тоқсанда корпоративтік сектордың теңгедегі салымдары 2,7%-ға (немесе 191,5 млрд теңгеге) өсті. 2020 жылғы наурызбен салыстырғанда бизнестің теңгедегі салымдары 31,2%-ға (немесе 1 757,6 млрд теңгеге) өсті.

Бұл ретте заңды тұлғалар депозиттерінің валюталық бөлігінің айтарлықтай 9,9%-ға (407,2 млрд теңгеге) ұлғайғаны байқалды, бұл – аударылатын салымдардың өсуіне байланысты. 2021 жылғы бірінші тоқсанда халықтың валюталық салымдары 0,4%-ға (немесе 14,6 млрд теңгеге) төмендеп кетті. Нәтижесінде жалпы валюталық депозиттік портфель 4,8%-ға (немесе 392,5 млрд теңгеге) өсті. Валюталық қайта бағалауды есепке алмағанда, валюталық салымдар 3,8%-ға өсті.

Теңгедегі салымдардың валюталық салымдардан басым өсуі долларлану деңгейінің 2020 жылғы желтоқсандағы 37,3%-дан 2021 жылғы наурызда 36,9%-ға дейін одан әрі төмендеуіне ықпал етті (40-график). Бұл ретте 2021 жылғы ақпанда 2013 жылдан бастап депозиттерді долларландырудың ең төменгі деңгейі – 36,2% тіркелген.

Субъектілер бойынша салымдар құрылымында халықтың шетел валютасындағы үлесі 2020 жылғы желтоқсандағы 38,4%-дан 2021 жылғы наурызда 35,9%-ға дейін төмендеді, бизнес депозиттерін долларландыру деңгейі 2021 жылғы I тоқсанның қорытындылары бойынша 36,2%-дан 37,8%-ға дейін өсті.

41-график. Депозиттерді долларландыру, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

Б) ҚДКҚ шекті мөлшерлемелері

2021 жылғы I тоқсанда «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ халықтың мерзімсіз және қысқа мерзімді салымдары бойынша шекті мөлшерлемелер көлемін сақтап қалды. Мерзімсіз, сондай-ақ сақтау мерзімдері 3 ай және 6 ай болатын, толықтыру құқығы берілген мерзімді салымдар бойынша депозиттердің ең жоғары мөлшерлемелерінің көлемі 9% деңгейінде сақталды, мерзімдері ұқсас, толықтыру құқығы берілмеген мерзімді салымдар бойынша – 9,5%, толықтырылатын жинақ депозиттері бойынша – 10,0% және толықтырылмайтын [2] жинақ депозиттері бойынша – 10,5% деңгейінде сақталды.

Сондай-ақ мерзімді ұзақ мерзімді салымдар бойынша: 12 ай мерзімімен – 10,7% (толықтыру құқығынсыз) және 10,3% (толықтыра отырып), 24 ай мерзімімен – 9,1% (толықтыру құқығымен), толықтыру құқығынсыз – 9,4% мөлшерлемелер сақталған.

Банктердің нақты нарықтық мөлшерлемелерінің төмендеуіне байланысты ұзақ мерзімді жинақ салымдары бойынша мөлшерлемелер 24 айға ғана шамалы төмендеді: толықтырылатын мөлшерлемелер 11,3%, толықтырылмайтын мөлшерлемелер 12,8% болды.

[2] Жеке тұлғалардың салымдары бойынша шекті мөлшерлемелердің өзгеру серпіні ҚДКҚ-ның https://www.kdif.kz ресми сайтында.

VI. Кредит нарығы

Жаңа кредиттер беру, тұрақты, оның ішінде халыққа тұрғын үй сатып алуға, сондай-ақ іскерлік белсенділікті қалпына келтіру аясында және бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру аясында бизнеске кредиттер беру есебінен ұлғаюда. Бұл ретте, бизнеске де, халыққа да берілетін кредиттік ресурстардың құны төмендейді Бизнестің шетел валютасындағы қолданыстағы кредиттері көлемінің, сондай-ақ зейнетақы жинақтары арқылы ипотекалық қарыздарды ішінара өтеу есебінен халықтың қолданыстағы кредиттерінің төмендеуі нәтижесінде кредиттік портфельдің (ЕДБ кредиттері бойынша берешектің қалдығы) өсуі баяулады.

А) Жаңа кредиттер беру

20201 жылғы I тоқсанда жаңадан берілген кредиттердің көлемі өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 17,8%-ға немесе 607,6 млрд теңгеге ұлғайып, 4 019,6 млрд теңгені құрады.

Қайта берілген кредиттердің өсуіне жеке сектор үлкен үлес қосуда (42-график). Жаңа кредит берудің айлық динамикасы тұрақты өсіп келеді.

42-график. Субъектілер бойынша қазан-желтоқсанда берілген кредиттер



Дереккөзі: ҚРҰБ

Кредиттік ресурстар құнының төмендегені байқалады. Атап айтқанда, жеке тұлғаларға теңгемен берілген кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2020 жылғы I тоқсандағы 18,6%-дан 2021 жылғы I тоқсанда 17,8%-ға дейін 0,8 п. т. төмендеді, бизнесті кредиттеуе арналған мөлшерлеме де 12,2%-дан 11,5% - ға дейін 0,7 п. т. төмендеді

Жеке тұлғаларға берілген кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме берілген ипотекалық кредиттердің белсенді өсуі, сондай-ақ тұтыну кредиттері бойынша мөлшерлемелердің 2021 жылғы I тоқсанда 20,9%-дан 20,1%-ға дейін 0,8 п.т. төмендеуі есебінен азайды.

Жеке тұлғаларға берілген жаңа кредиттер 2021 жылғы қаңтар-наурызда өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 30,5%-ға өсті (43-график).

43-график. Жеке тұлғаларға берілген кредиттер



Дереккөзі: ҚРҰБ

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын көрсете отырып, халыққа берілетін жаңа кредиттердің өсуіне ипотекалық кредиттеудің қосатын үлесі (2020 жылғы 1-тоқсандағы 12,3%-ға қарсы 2021 жылғы 1-тоқсанда 18,9%) ұлғайып келеді.

Жеке тұлғаларға берілетін кредиттерде негізгі үлесті алатын жаңадан берілген тұтынушылық кредиттердің көлемі (70%) 2021 жылғы I тоқсанда жылдық мәнде 16,9%-ға ұлғайды.

2021 жылдың I тоқсанында **бизнеске жаңадан берілген кредиттер көлемі** өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 9,3%-ға ұлғайды.

Салалық бөлініс те заңды тұлғаларға берілген кредиттердің өсуі саудада (16,0%-ға өсуі) байқалады, ол заңды тұлғаларға кредиттердің негізгі үлесін, байланыста (4,6 есе), ауыл шаруашылығында (23,7%) алады. Бұл ретте көлік саласында берілген кредиттер 25,4%-ға, өнеркәсіпте – 5,1%-ға, құрылыс саласында – 4,9%-ға төмендеді (44-график).

44-график. Бизнеске салалар бойынша берілген кредиттер



Дереккөзі: ҚРҰБ

Шағын бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру есебінен шағын бизнеске берілген кредиттердің едәуір өскені байқалады. Шағын бизнеске берілген кредиттердің көлемі өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2021 жылғы қаңтар-наурызда 2 есе ұлғайды.

Бизнеске берілген кредиттердің негізгі көлемі айналым қаражатын толықтыруға бағытталған (81,5%), олар 2 есе ұлғайды.

Сонымен қатар, объектілерді салуға және қайта жаңартуға кредиттер берудің 20,9%-ға, негізгі қорларды сатып алуға – 2 есе өсуі байқалды (45-кесте).

45-график. Кредиттеу объектілері бойынша бизнеске берілген кредиттер



Дереккөзі: ҚРҰБ

Б) Нетто-кредиттеу және ЕДБ кредиттік портфелі

2021 жылғы I тоқсанда жаңа берілген және өтелген кредиттер арасындағы айырмашылық жеке тұлғаларды ұлттық валютамен нетто-кредиттеу[3] өсуі есебінен оң (252,8 млрд теңге) қалыптасты (46-график).

46-график. 2021 жылғы 1-тоқсанда нетто-кредиттеу, млрд теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ

[3] Нетто-кредиттеу берілген жаңа кредиттер мен өтелген кредиттер арасындағы айырмасы болып табылады

Жеке тұлғаларға ұлттық валютамен нетто-кредит берудің өсуі халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру есебінен ипотекалық мақсаттарға берілген кредиттердің өсуімен түсіндіріледі. Ипотеканы зейнетақы жинақтары арқылы өтеу ағымдағы жылдың ақпан айында нетто-кредиттеудің төмендеуіне алып келді.

Корпоративтік секторда шетел валютасындағы теріс нетто-кредиттеу *(яғни, қолданыстағы кредиттерді өтеудің шетел валютасында жаңа кредиттер беруден асып кетуіне байланысты ЕДБ валюталық кредиттік портфелінің төмендеуі)* ұлттық валютадағы оң таза кредиттеуден артық болды *(ұлттық валютада бизнес субъектілеріне жаңа қарыздар беру олардың қолданыстағы қарыздарын өтеуде басым болды)*.

Нәтижесінде, 2021 жылдың I тоқсанының соңына қарай кредиттік портфель көлемі 2021 жылғы 1-тоқсанда 1,2%-ға ұлғайып, 14,8 трлн теңгені құрады (47-график).

47-график. ЕДБ кредиттік портфелінің өсу серпіні



Дереккөзі: ҚРҰБ

Кредиттік портфельдің жылдық өсуі өткен жылдың 4-тоқсанындағы 5,5%-дан 3,4%-ға дейін баяулады, бұл биылғы жылғы ақпандағы зейнетақы жинақтары арқылы ипотеканы өтеу және Банктің АзиаКредит лицензиясынан айыру, сондай-ақ жекелеген банктердің ірі корпоративтік қарыз алушыларының қолданыстағы қарыздарды өтеуі аясында орын алған.

Осылайша, кредиттер құрылымында заңды тұлғаларға шетел валютасындағы кредиттердің төмендеуі негізгі теріс үлес қосты, ал негізгі оң үлес – халыққа ұлттық валютадағы кредиттердің өсуі.

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР

Аударылатын депозиттер – бұл барлық депозиттер, оларды: 1) кез келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айырбастауға болады; 2) олар чек, тратта немесе қомақты-тапсырмалар арқылы еркін аударылады; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен пайдаланылады. Аударылатын депозиттер тар ақша массасының бөлігі болып табылады. Басқа депозиттерге, негізінен, белгілі бір уақыт өткеннен кейін ғана алынуы мүмкін немесе оларды қарапайым коммерциялық операцияларда пайдалану үшін ыңғайлы етпейтін және негізінен жинақтау механизмдеріне қойылатын талаптарға жауап беретін әртүрлі шектеулер бар жинақ және мерзімді депозиттер жатады. Бұдан басқа, басқа депозиттерге аударылмайтын салымдар мен шетел валютасында көрсетілген депозиттер де кіреді.

Ашық нарық операциялары – банкаралық пайыздық мөлшерлемелер деңгейіне ықпал ету мақсатында ақша нарығында өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары. Ашық нарықта операциялар Ұлттық Банктің бастамасы бойынша жүзеге асырылады. Ашық нарық операцияларын жүргізу кезінде кепіл ретінде жоғары өтімді және тәуекелсіз бағалы қағаздар пайдаланылады.

Кері РЕПО – алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сату міндеттемесімен бағалы қағазды сатып алу мәмілесі, Ұлттық Банк кері РЕПО операцияларын Ұлттық Банктің кепілді қамтамасыз ету тізбесіне сәйкес бағалы қағаздар кепілімен банктерге теңгелік өтімділікті беру мақсатында жүргізеді. Ашық нарық операциялары - базалық мөлшерлемеге жақын пайыздық мөлшерлемелер деңгейін қалыптастыру мақсатында ақша нарығында өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары.

Тұрақты қолжетімділік операциялары – ашық нарық операцияларының нәтижелері бойынша қалыптасқан өтімділік көлемдерін түзету жөніндегі ақша-кредит саясатының құралдары, тұрақты тетіктер мәміленің бір тарапының субъектісі Ұлттық Банк болып табылатын екі жақты мәмілелер шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл операциялар банктердің бастамасы бойынша жүргізіледі.

Тікелей РЕПО – бағалы қағазды алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сатып алу міндеттемесімен сату мәмілесі, Ұлттық Банк артық теңгелік өтімділікті алу мақсатында тікелей РЕПО операцияларын жүргізеді.

TONIA мөлшерлемесі – биржада мемлекеттік бағалы қағаздармен автоматты РЕПО секторында жасалған, бір жұмыс күні мерзімімен репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлемені білдіреді.

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АНК - «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ

б.т. – базистік тармақ

ҚДБ - «Қазақстанның даму банкі» АҚ

ҚДКҚ – «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ

ҚТҮК – "Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы"АҚ

ҚҚБ (KASE) – Қазақстанның қор биржасы

ҚОҚ – «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ

ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

МБҚ – мемлекеттік бағалы қағаздар

Млн - миллион

Млрд - миллиард

ОПЕК – Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы

ӨДҚ - «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ

ІЖӨ – Ішкі жалпы өнім